

## Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарт ұйымын құрудың әскери-саяси аспектілері

Б.Ж. Сомжүрек, Ә.С. Майқанов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

*E-mail: somzhurek@gmail.com*

**Түйін.** Бұл мақалада 1992 жылы Ташкенттегі Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты қабылдануынан бастап Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарт ұйымының (ҰҚШҰ) қалыптасуына дейін посткеңес республикалардың әскери-саяси ықпалдасудағы эволюциясының негізгі кезеңдері қарастырылады. Авторлар ҰҚШҰ-ның қазіргі халықаралық қатынастардағы өздерінің мүшелерінің қауіпсіздікті қамтамасыздандырудағы маңыздылығына тоқталған.

XXI ғасыр әлемдік қауымдастықтағы барлық мемлекеттердің жаһандық өзара тәуелділігімен және дәстүрлі емес сынақтар мен қатерлердің пайда болуымен сипатталады. Жаһандану әлі зерттеліп болмаған жағымды нәтижелердің де, жағымсыз салдардың да туындауына себеп болуда. Оның аса қауіпті салдарының бірі – халықаралық және аймақтық қауіпсіздікке қатер төндіретін түрлі қақтығыс ошақтарының пайда болуы. Осы ретте өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Кеңестер Одағының ыдырауы бүкіл әлемдік тәртіп пен халықаралық қатынастар жүйесін, сондай-ақ жалпы әлемдегі геосаяси жағдайды күрт өзгерткен күрделі құбылыс болғаны ақиқат. Әлемдегі ең мықты әскери державаның ыдырауына байланысты жер бетіндегі екі полюсті жүйе қирап, халықаралық қатынастар саласында «посткеңестік кеңістік» деген ұғым пайда болды.

1991 жылдың 8 желтоқсанында әуелі Белоруссия астанасы Минск жанындағы Беловеж келісімі бойынша, кейіннен құқықтық негізі сол жылдың 21 желтоқсанында Алматыда қаланған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құрудағы 11 тәуелсіз мемлекеттің басты мақсаты – посткеңестік кеңістікте экономикалық интеграцияны қалпына келтірумен қатар, әскери қорғаныс саясатын бірлесіп жүргізу болатын.

1991 жылы 21 желтоқсанында қабылданған

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Келісімнің 6-бабында «Достастыққа мүше мемлекеттер бірлескен басқару негізінде ядролық қару-жараққа бірыңғай бақылау жасаумен қатар, ортақ әскери-стратегиялық кеңістікті қорғайтын болады» – деп көрсетілген еді. Осылайша ТМД мемлекеттері біріккен қорғаныс кеңістігін сақтап қалатындығына өздерінің қарсы еместігін білдірді.

1990 жылдардың бірінші жартысында посткеңестік кеңістікке нақты қауіп-қатер төніп тұрды деп айтуға болмайды. Сол кезең ядролық қауіптің төмендеуімен, бұрынғы кеңестік республикалардың НАТО, ЕО, ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастықтың дамуымен, Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынастың жақсаруымен сипатталады. Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттері азиаттық және мұсылман көршілестерімен ынтымақтастықты жыл сайын күшейтуге тырысты. Бірақ соған қарамастан бұрынғы КСРО-ның перифериясындағы жергілікті және аймақтық тартыстардың дамуы (Тәжікстан, Кавказ, Приднестровье), посткеңестік мемлекеттердегі экономикалық дағдарыс, ұлтаралық қатынастардың қиындау түсуі сол уақытта аз болған жоқ [1,20]. Осы жағдай посткеңес республикаларын қорғаныс мәселеге үлкен мән аудару керек екендігін білдірді.

1992 жылдың 14 ақпанында Минскіде ТМД

басшыларының кездесуінде қорғаныс мәселесін қозғайтын «Достастықтың біріккен Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысын тағайындау», «ТМД Қорғаныс министрлерінің Кеңесін құру туралы», «ТМД мемлекеттерінің арасындағы Стратегиялық күштердің мәртебесі және ТМД мемлекеттерінің біріккен қорғаныс бюджетінің қалыптасуы туралы» бірқатар келісімдерге қол қойылды.

1992 жылдың 20 наурызында Киев қаласында Түрікменстаннан басқа, ТМД мемлекеттерінің басшылары біріккен қорғаныс туралы келісім мәселесін талқылап, ортақ құжат қабылдады. Бірақ осындай бірлескен әрекеттерге қарамастан, ТМД мемлекеттеріне ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін нақты құжат керек екені түсінікті болды. Өйткені, біріккен қорғаныс мәселесіне байланысты әрбір ТМД мемлекетінің нақты функциялары белгіленбеген болатын.

1992 жылдың 15 мамырында Ташкент қаласында ТМД мемлекеттері және Үкімет Басшыларының кездесуінде қорғаныс мәселелеріне байланысты Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан арасында Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты қабылданды. Сол келісім-шартта ТМД мемлекеттері бір-біріне қатысты мемлекетаралық қатынастарда бір-біріне қарсы күш қолданбауға, өзара туындаған дауларды мемлекеттік бейбіт құралдарымен шешуге келісті. Қатысушы мемлекеттер басқа қатысушы мемлекетке қарсы бағытталған әскери одаққа кірмеуге және қарсы әрекеттерді қолдауға болмайтындығын растады [2,260-261].

Қабылданған Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартының 2-бабына сәйкес мынадай маңызды норма бекітілді: «Келісім-шартқа қатысушы мемлекеттер олардың мүдделерін қозғайтын халықаралық қауіпсіздіктің барлық маңызды мәселелері бойынша бір-бірімен кеңесетін және осы сұрақтар бойынша ұстанымдарына келісетін болады. Мүше-мемлекеттердің біріне немесе бірқатарының қауіпсіздігіне, аумақтық тұтастығына және егемендігіне қатер төнген немесе халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке нұқсан келген жағдайда қатысушы мемлекеттер өз ұстанымдарын үйлестіру және туындаған қауіп-қатерді жою үшін шаралар қабылдау мақсатында бірлескен кеңес алу тетігін тез арада іске қосатын болады» [2,261].

Әрине, әлемнің саяси картасында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасуы және бір ұйым болып бірігуі олардың қауіпсіздігінің толығымен шешілгендігін білдірмейді. Сондықтан ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құру туралы идеяның қалыптасуы заман талабы болатын. Өйткені, әскери жағынан мықты держава ыдырағаннан кейін пайда болған кеңістікті қалай да қорғау керек еді. Сол себепті де Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартының 4-бабында: «Егер де келісім-шартқа мүше мемлекеттердің бірі қандай да бір мемлекет немесе мемлекеттер тобынан агрессияға ұшыраса, онда бұл осы Келісім-шартқа мүше барлық мемлекеттерге қарсы жасалған агрессия деп қабылданады» /2,261/ делінуі аталған бірлестіктің әскери тұрғыдағы әлеуеті мен геосаяси салмағын аңғартса керек. Сөйтіп, кейінгі ұзартуымен 5 жылға бекітілген ТМД-ға кіретін 6 мемлекет қабылдаған Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартын әскери қауіпсіздікті, өлкелік тұтастықты және мемлекеттердің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін негізгі әскери стратегиялық құжат түсінуге болады. Бұл келісім-шарттың мазмұны тек ғана бір-біріне әскери көмек көрсетумен ғана шектелмейді. Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты ТМД мемлекеттері үшін тығыз әскери ықпалдасуды дамытуға жол ашты. Дәл сол жылы, яғни араға 2 ай салып, 1992 жылдың 6 шілдесінде ТМД Мемлекет Басшыларының Кеңесі шешімімен әскери саладағы кең өкілеттілік белгіленген ТМД Біріккен Қарулы Күштерінің Бас қолбасшылығы құрылды.

Дейтұрғанмен, негізі 1992 жылы қабылданған Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартына қатысты сарапшылар арасында түрлі пікірлер қалыптасты. Мысалы, ресейлік кейбір әскери мамандардың айтуынша, Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартынан күтілген нәтиже болған жоқ. Өйткені, біріншіден, Ресей Федерациясы осы көпжақты келісім-шарттың ратификациясын бекітілуін созып жіберді; екіншіден, ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің моделі уақытында жасалған жоқ, оның кезеңдері мен оны құру жолдары белгіленбеді; үшіншіден, осы жүйені басқаратын және үйлестіретін құрылымдар жасалынбады [3, 40-41]. Тіпті бұл құжатты өз кезегінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өзі сынға алып, ТМД мемлекеттерінің біріккен

қорғаныс кеңістігін қалыптастыру қажеттігін былайша дәйекті түрде дәлелдеген болатын: «Бірыңғай қорғаныс кеңістігі ұғымы не ҰҚК, не Әскери қауіпсіздік тұжырымдамасында өз көрінісін тапқан жоқ. Осы орайда бірыңғай қорғаныс кеңістігін мойындамайынша, шын мәнінде әскери құрылымды жоспарлауды және Бірлескен Қарулы Күштерді дамытуды, әскери-стратегиялық аудандарды құруды қолға алудың қажеті шамалы. Бірлескен шұғыл жоспарларды, стратегиялық резервтер құру мен тағы басқа көптеген істерді орындау мүмкін болмай отыр. Сондықтан да, бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру идеясы Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартына толықтыру болып табылады деуге болады...»[4,246].

ТМД мемлекеттерінің Қорғаныс министрлер Кеңесінің хатшысы, генерал-лейтенант Л. Ивашов бұл тұрғыда: «Кейбір біздің қарсыластарымыз Келісім-шартты және осы жоба авторларын сынға алып, онда ұжымдық қауіпсіздіктің мазмұны ашылмаған, сондықтан да оның тиімділігі болмайды-мыс дегенді айтады... Алайда бұл жобаның авторлары бұл құбылысты толықтай бағамдаған жоқ және өз алдына ұжымдық қауіпсіздіктің мазмұнын ашу мақсатын қойған жоқ» [5] – деген болатын.

Осы орайда айта кетер бір жайт, әскери-саяси ықпалдасудың басында кейбір кемшіліктердің орын алғаны уақыт өте келе анықталды. Мысалы, 1992 жылдың 26 шілдесінде Мәскеуде өткен Мемлекет Басшыларының отырысында Шекара әскерінің Біріккен басшылығының орнына оның Кеңесі құрылған еді. ҰҚК-нің тағы бір елеулі кемшілігіне оның құрамына көптеген посткеңестік мемлекеттердің, атап айтқанда, бұрынғы Кеңес Одағының әскери-индустриалдық орталығы саналатын және өзінің зымыран және авиациялық инфрақұрылымы бар Украина мемлекеті мен геосаяси маңыздылығы жоғары Әзірбайжан мен Грузияның енбеуі болып табылады.

Балтық жағалауы елдеріндегі әскери-стратегиялық базалардың Ресейдің қолынан шығуы, сондай-ақ осы мемлекеттердің Батыс Еуропаға қарай еліктеуі посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің геосаяси жағдайын қиындатты. Сондықтан Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартына Беларусь және Қазақстан мемлекеттерінің қатысуы біріккен қорғаныс жүйесін қалыптастыруға тиімді болды. Бе-

ларусь өзінің геосаяси орналасуымен мысалы Ресей үшін өте қажет болды. Қазақстан Республикасының ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартына белсенді қатысуы да қаншалықты керек екендігін дәлелдеудің қажеті жоқ. Қазақстан жерінде бұрынғы КСРО-ның әскери-стратегиялық инфрақұрылымдары, полигондары мен ғарыш айлағының орналасуының өзі көп жайды аңғартса керек [6,20].

Батыс зерттеушілері посткеңес кеңістігіндегі ықпалдасу Ресей арқылы өтетініне сенеді. Өйткені, Ресей жағы өзінің айналасында ықпалдасуды күшейту үшін әртүрлі құралдарды пайдалануда. Нәтижесінде кейбір мемлекеттер ыдырауға дейін барады, ыдыраған бөліктер аяғында Ресеймен инкорпорацияға түседі. Американдық зерттеушілер посткеңестік аймақтағы көпжақты ұйымдар (мысалы, сол ТМД) ықпалдасудың дамуына үлес қосса да, қоспаса да ықпалдастық ұйымдарда Ресей өзінің басшылығын жоғалтпайды деп пайымдайды [7].

Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты қабылданғаннан кейін ТМД мемлекеттері қорғаныс жүйесін құруға әрекеттер жасай бастады. 1993 жылдың аяғында Түркіменстан астанасы Ашхабад қаласында ТМД Мемлекеттерінің Басшылары сыртқы шекараны қорғау бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. ТМД сыртқы шекарасының кейбір аумақтарында қалыптасқан жағдай Достастық мемлекеттерін осындай құжатты қабылдауға мәжбүр етті. Осы мәселеге байланысты мемлекетаралық диалог 1990 жылдардың ортасында жалғасын тапты. Мысалы, 1996 жылы Алматыда Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның мемлекет және үкімет басшыларының өткен кездесуінде Ауғанстандағы саяси жағдайдың қиындауы талқыланды. Ауғанстандағы сол кездегі талибан қозғалысының билікке келуі Орталық Азияға және жалпы ТМД-ның оңтүстік шекарасына қауіп ретінде қарастырылды. Өйткені, Ауғанстандағы азаматтық соғыстың өршіп кетуі, әрине ТМД елдерін мазалады. Алматыдағы кездесудің нәтижесінде БҰҰ-ның ауған мәселесіне міндетті түрде араласуы туралы мәлімдемесі қабылданды.

Уақыт өткен сайын шешілуі тиіс мәселелер қатары көбейді. 1993 жылдың 22 қаңтарында қабылданған ТМД мемлекеттерінің Жарғысына өзгерістер енгізілді. Жарғыда ТМД-ның бір немесе бірнеше мемлекеттерінің егемендігі мен

аумақтық тұтастығына және халықаралық әлемге қауіп төнген жағдайда ТМД мүшелері ұстанымдарын үйлестіру және қалыптасқан қауіпті жою мақсатында өзара келіссөздер өткізу қажет деп көрсетілді /8, 109/.

1995 жылдың 10 ақпанында ТМД-ның Мемлекет және Үкімет Басшыларының отырысында ҰҚК қатысушы мемлекеттерінің Декларациясы мен Ұжымдық қауіпсіздік Тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада ТМД-ның сыртқы шекарасының аумағында әскери топтардың күшейтілуі, басқа мемлекеттерде ТМД мемлекеттеріне қарсы әскери құрылымдарының қалыптасуы, басқа мемлекеттердің тарапынан шекара тартыстарының және әскери құрылымдардың шиеленісуі, сонымен қатар ТМД мемлекеттерімен шекаралас мемлекеттерге шетелдік әскерлердің кіруі әскери қауіп бар факторлар ретінде айтылған.

Ұжымдық қауіпсіздік Тұжырымдамасында әскери саясаттың негізі, ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру негіздері, ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің негізгі бағыттары мен қалыптасу кезеңдері көрсетілген. Жалпы бұл Тұжырымдама Достастық мемлекеттерінің өздерінің қорғаныс саясатын өткізу және тұтастықты сақтауға байланысты мәселелерді қарастырады.

1995 жылы ҰҚК қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік Кеңесінің осы келісім-шарттың мемлекеттері арасындағы әскери ынтымақтастықты тереңдетудің негізгі бағыттары бекітілді. Кеңес мынадай басым мақсаттарды белгіледі:

- қатысушы мемлекеттердің әскери күштерінің қалыптасуын аяқтау;

- қару-жарақ пен әскери техниканы жетілдіру, өндіру және жөндеуден өткізу бойынша кооперацияны қалпына келтіру және дамыту;

- ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруын және жұмыс істеуін қамтамасыздандыратын салаларда ынтымақтастық пен әрекеттесуді дамыту;

- әскери салада ынтымақтастықтың құқық базасын кеңейту [9].

Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік шартын, оның тиімділігін арттыру мақсатын көздей келе, халықаралық ұйым (ҰҚШҰ) етіп өзгерту идеясын қолдады. Бұл ретте Ұйымның басты назары, біздің пікірімізше, мүше мемлекеттердің діни экстремизмге, есірткі бизнесіне және қарудың заңсыз саудасына қарсы күрестегі күш-жігерін үйлестіруге аударылуы қажет.

Мәселен, Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты ұйымына мүше болудың бір тиімділігі, біз Ресейден әскери техника, қару-жарақты арзан, Ресейдің өз армиясына беретін бағамен аламыз. Осы ұйымда Ресей жетекші рөл атқарады және бүкіл қару-жарақ Ресей зауыттарында жасалатыны белгілі. Бұл тиімділіктің бір белгісі деп қойыңыз.

Екінші мәселе – ҰҚШҰ ТМД-ның осы ұйымға мүше елдерінің қауіпсіздігінің кепілі бола алады. Оның ішіне біріккен әуе-қорғаныс күштері де кіретіні айқын. Демек, ТМД-ның 5-6 елі ҰҚШҰ құра отырып, өз тыныштығын, территориялық тұтастығын қамтамасыз етіп отыр.

Үшінші мәселе – біз өз әскери мамандарымызды Ресейде оқытып, тәжірибеден өткізіп отырмыз. Ресейде баяғыдан келе жатқан, әбден қалыптасқан оқу базалары бар.

2007 жылы қазан айында ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің саммиті аяқталысымен мемлекет басшылары Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шағын және кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты. Онда Қазақстан Президенті Н. Назарбаев жиынға қатысушылар алдында қазіргі жаһандану дәуірінде ТМД-ға мүше елдердің қауіпсіздігі мен осыған байланысты аталмыш ұйымның атқаруы тиіс қызметі жөнінде әңгіме қозғады.

Бұл орайда Нұрсұлтан Әбішұлы қазіргі кезде халықаралық қауіпсіздікке төніп тұрған қауіп-қатерлерді ескере отырып, ҰҚШҰ жұмысын жаңа сатыға көтеретін өзгерістер енгізу керектігін атап өтті. Осыған орай, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жұмысына қосымша серпін бергіміз келсе, оның құрылымдық жұмысына өзгерістер енгізуіміз қажет. Осы тұрғыдан алғанда ҰҚШҰ-ның хатшылығы мен біріккен штабының жұмысын екіге бөліп, оның біріншісіне – әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелерімен, ал екіншісіне ұйымның күнделікті атқаратын жұмысымен айналысуды тапсырғанымыз жөн деп білемін, деді Елбасы өзінің саммитке қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде. Сонымен бірге, Қазақстан Президенті соңғы кездері ТМД кеңістігіндегі барлық елдерді алаңдатып отырған заңсыз көші-қон мәселесіне тоқталып, оны тиісті деңгейде шешу үшін бар мүмкіндікті пайдалану керектігіне назар аударды. Сөйтіп, саммит барысында Елбасының осы сөздерінен кейін

Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің жанынан екі орган құру туралы шешім қабылданды. Оның біріншісі заңсыз көші-қонмен күрес жөніндегі, екіншісі төтенше жағдайлармен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі деп аталатын болды.

### Әдебиет

1. Ашимбаев М., Лаумулин М. Трудный путь к региональной безопасности // *Континент*. – 2002. – №10. – С. 19-23.
2. Договор о коллективной безопасности // *Сборник документов по международному праву*. – Т.1. – Алматы: САК, 1998. – С. 260-263.
3. Ивашов Л. Коллективная безопасность Содружества: быть или не быть // *Обозреватель*. – 1994. – № 1. – С. 40-43.
4. Президент Нурсултан Назарбаев. Стратегия вечной дружбы. Казахстан-Россия. – Москва, 2000. – 408 с.
5. Ивашов Л. Россия и Казахстан имеют тесные союзнические отношения в военной области // *www.navigator.kz*.
6. Ашимбаев М., Лаумулин М. Трудный путь к региональной безопасности // *Континент*. – 2002. – №10. – С. 19-23.
7. Fuller G. *Central Asia. The New Geopolitics*. – Santa Monica: RAND. – 1992.
8. Устав Содружества Независимых Государств // *Сборник документов по международному праву*. – Т. 1. – Алматы, 1998. – С.105-117.
9. Основные направления углубления военного сотрудничества государств-участников ДКБ // *Текущий архив Департамента многостороннего сотрудничества МИД РК. Документы по СКБ*. 20-08/15.

**Б.Ж. Сомжүрек, А.С. Майқанов**

#### **Военно-политические аспекты создания Организации договора о коллективной безопасности**

В данной статье рассматриваются основные вехи эволюции военно-политической кооперации постсоветских республик от подписания Договора о коллективной безопасности в Ташкенте в 1992 году до создания Организации договора о коллективной безопасности (ОДКБ). Авторы также проанализировали значение ОДКБ в обеспечении безопасности ее членов в условиях современных международных отношений.

**B.Zh. Somzhurek, A.S. Maikanov**

#### **The military-political aspects of the creation of the Collective Security Treaty Organization**

This article considers the main milestones of the evolution of military-political cooperation of the former Soviet republics since the signing of the Collective Security Treaty in Tashkent in 1992 till the establishment of the Collective Security Treaty Organization (CSTO). The authors also analyzed the importance of the CSTO in the security of its members in terms of contemporary international relations.